

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

***ПОЭЗИЯ ТІЛІНДЕГІ
«АТАМЕКЕН» КОНЦЕПТІСІНІҢ
ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ***

Орындаған: Бурибаева Г. ҚТмӘ-102-18

Тексерген: Аитова Н. Н. ф.ғ.к, д.

Ақтөбе, 2019


ПОЭЗИЯ ТІЛІНДЕГІ «АТАМЕКЕН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

«Атамекен» ұғымы осы тіркестердің құрамындағы «ата» және «мекен» сөздерінің ассоциативті мағыналары арқылы да объективтенеді. Ата - «ата-баба» мағынасында әрі «ежелгі» мағынасында алынады, мекен – «тұрақ, өмір сүретін, өсіп өнетін территория» деп түсінеміз. Сонда атамекен «ата-бабаларынан мекен етіп, өркен жайып келе жатқан жер» деген ұғымды береді. Атамекен атауы кейде лексика-семантикалық мағынасынан атажұрт, атақоныс, туған жер, Отан сөздерімен де ауыстырылып қолданылады.

I. Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» «туған жер» сөзіне мынадай анықтама беріледі: «Туған ел – торғын бесік. Туған жер. Отан, өз елі, кіндік кесіп туып-өскен жері [2, 519 б.]. Осындағы «Отан» деп отырғанымыз – қазіргі ұғым атауы. Адамдар қай кезеңде де, әсіресе, түркі халықтары қоғамдасып өмір сүруге ерте кейінгі орта ғасырларда, айталық, XIII-XVII ғасырларда белгілі бір этникалық, территориялық тұтастықтарға бөлініп өмір сүрген, оның ірі ірілерін ғылымда хандық деп атап жүрміз. Ал ертеректегі ата-бабаларымыз бұл ұғымды Отан, мемлекет, хандық деп атамай, ел, жұрт, байтақ, ел-жұрт, ел күн деген сөздермен білдірген» [3, 44 б.].

«Атамекен» - адамзат тарихымен адам баласының ой-санасында жоғары тұратын қасиеті де, қастерлі ұғым. «Атамекен» кез келген ұлт үшін аса маңызды рөл атқаратыны белгілі. Оның ішінде қазақ халқы «кіндік қаным тамған жер» деп қастерлейді.

«Атамекен» концептісінің логикалық моделі төмендегідей күрделі логикалық ассоциациялардан тұрады.



Біз «туған жер», «ел» концептісінің қазақ танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын тани аламыз, адамзатты табиғатты, Отанын сүйуге тәрбиелейміз.

«Туған жер» концептісі қазақ халқы үшін ерекше құнды дүние болып табылады. Біз үшін «туған жер» немесе «ел» концептісі «атамекен», «ата-қоныс», «ата-жұрт», «кіндік қаны тамған жер» секілді модельдердің қатысымен анықталады. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын мәдени мұра.

Қазақ ақын-жазушыларының ішінде туған жер тақырыбына қалам тартпаған қаламгер болмаған шығар. Сондай ақындардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Туған жер, ел тақырыбында ақын қаламынан туындаған өлеңдері бірнешеу. Мәселен, «Туған жерім – өз елім». Бұл өлеңін Сәкен ағамыз шет жерде жүргенде жазған болатын. Өлеңде ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі тамаша бейнеленген.

Қайғы ойлаттың естен кетпей туған жер,
Қаны қашты, әм сарғайды ет пен тер.
Сені ойласам ішім күйер қапа боп,
Жүрегімде түйіншектей қайғы шер.
Ұйықтасам да еш шықпайсың түсімнен,
Тұрсам-дағы сен кетпейсің есімнен.
Жүрекке ыстық, көзге сүйік өз елім,
Бәсеке қып, жұмыртқа алған ну көлім,
- дей келе шет елде жүргенмен, туған жерін
сағынатынын, күндіз ойынан, түнде түсінен
кетпейтіндігін айтады.

Ал «Нұра» өлеңі арқылы отарлау саясатымен өз туған жеріне бөгде, бөтен адамдардың келіп, билік етіп отырғанына ақынның жүрегі ауыратынын байқаймыз.

Сағынып Нұра, мен келдім,
Бұрынғы иең – байғұсың
Айрылған сенен көп елдің
Жатырсың көріп қайғысын.

Бұрынғыдан қайғылы
Құстарың да сайрайды:
Қолдан келер еш не жоқ,
Жүрек от боп қайнайды, -
деген өлеңінде ақын туған жеріне кімнің келгенін ашық айтады және олардың ол елді өз еліндей иемденгеніне күйінеді, қынжылады.

Оны біз «Туған жерім» өлеңі арқылы байқаймыз:

Өзен өрлеп, суға қармақ салғаным.
Құрбылармен таласып балық алғаным.
Сөйткен жерге хохол келіп орнады
Арманда боп, жылай-жылай қалғаным.
Ел аман, жұрт тынышта отырып,
қазақтың елін, жерін басқаға билетіп
қоюына ақын ызаланады, намыстанады,
оны мазақ болу деп түсінеді.

Мекен болдың бір уақыт
Көшіп жүрген қазаққа.
Айрылып сенен бейбақыт
Сорлы қалды мазаққа,
- деп толғанады. Өлең туған жерге бағышталғандықтан, жер мұңы – халық мұңы, ел мұңы екенін түсінеді.

Қорытындылай келгенде, С.Сейфуллин шығармаларының біразында «туған жер», «атамекен» концептісі ұшырасады. Бұл концепті ақынның ішкі жан дүниесімен астасып жатыр. Мұнда нәзік психологизм, Отанға, туған жерге деген ақынның көзқарасы, сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі ашық аңғарылады[5, 262-264 б.].

Ілияс Жансүгіров көркем дискурсында «Атамекен» концептісі «дала», «туған жер» мағыналас ұғымдарымен сипатталып, былайша көрініс тапқан. «Атамекен» ең алдымен, туып-өскен, өсіп-өнген мекен. Себебі:

Тудым, өстім, есейдім,
Ен далам – анам, мен – балаң.
Ен далам – анам, мен – балаң.
Туған, өскен есейген,
Еңбек тулы ел- балаң.
(«Дала» поэмасынан)

Мен өзім тауда туып, тасында өстім,
Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім;
Асқарда Аршалыға қозы жайып,
Бұлттың аспандағы қасында өстім
(«Құлагер» поэмасынан)

Әрбір адам баласы үшін тұрақтап, өсіп-өнген, мекен етіп, бауыр басқан жері – киелі. Ақын танымында дала мен ана ұғымдары – егіз ұғым. Осындағы тау, тас, бұлт, т.б. тілдік бірліктер «атамекен» концептісін анықтаушы тілдік құралдар.

Атамекен – «ғасырлар бойы біршілік етіп, өмір сүріп келген ата-бабаларымыздың кең аспан астындағы құтты мекені, кірін жуып, кіндігін кескен ана-жұрты, өсіп-өнген өлкесі. Өскен жердің кәусар бұлағы мен салқын самалы, орманды тоғайы мен жазира даласы, асқар тауы мен айдынды көлі – бәрі де әркімнің жанымен сезінетін табиғи ортасы».

«Атамекен»-тыныштық, мәңгілік орны. Дала лексемасының көркем мәтіндегі берілген мәні - жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. «Дала» лексемасының ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесін маңызды орын алатын «қасиетті, киелі мекен» деген ұғымы ақын дискурсында одан әріге тереңдеген [6, 75 б.].

«Атамекен» концептісі анық байқалатын ақындардың тағы бірі - Мағжан Жұмабаев. Ол алғашқы өлеңдерінде-ақ, әлеуметтік тақырыптарға ден қойған. Отан, туған жер тақырыбына жазылған жыр жолдары бір төбе. Жерлес ақынымыз аталмыш тақырыпқа бірнеше өлеңдер жазған. «Туған жерім Сасықкөл», «Түркістан», «Алатау» сынды өлеңдерінде бір қалаға, бір ауылға ғана емес, тұтас қазақ жеріне, Отанына, атамекеніне деген сүйіспеншілігін жазған.

М.Жұмабаевтың өлеңдерінің бірі - «Туған жер»:

Бұл жарыққа аяқ басып тұрған жер,
Кіндік кесіп,кірім сенде жуған жер.

Жастық-алтын,қайтіп келмес күнімде,
Ойын ойнап,шыбын-шіркей қуған жер, -

деген өлең жолдарында ақиық ақын Мағжан Жұмабаев туған өлкесіне деген сағынышын, балалық шағы өткен ауылына деген перзенттік махаббатын білдіреді.

Мағжан өз өлеңдерінде туған жерге деген махаббат тақырыбын айрықша жыр арқауы еткен. Ақынға азаматтық та, ақындық та, ұлылық та дарыған. Содан да болар, Мағжан поэзиясы оқырмандарының қойын кітабындай. Ақын өлеңдері өзінің кіндік қаны тамған, шырылдап жарық дүниеге келген туған жеріне деген перзенттік сүйіспеншілігіне толы

«Туған жер» тақырыбына жазылған өлең арқылы оқырманын Отанды сүйуге, мейірімді болуға тәрбиелейді. Патриотизммен өрілген, ыстық жүректен шыққан ақын жырлары өскелең ұрпақты ержүрек болуға тәрбиелеп, шығармашылыққа баулиды. Туған жер тақырыбы барлық заманда өзекті. Әр заманның ақыны, аталмыш тақырыпты жырына қосып, атамекеніне деген ыстық ықыласын білдірген.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Нұрдәулетова Б. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: ф.ғ.к, докторы... авторефераты. - Алматы., 2008. - 47 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977. - 712 б.
3. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. - Алматы: Арыс, 2009. - 272 б.
4. Мейлах Б.С. Философия искусства и художественная картина мира// вопросы философии. - М., 1987. - № 7. - С. 54-61
5. Бекбауова С. С.Сейфуллин шығармаларындағы «туған жер, ел» концептісі Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 262-264
6. Әділбекова Л. І. Жансүгіров прозасының идеялық-көркемдік ерекшеліктер: ф.ғ.к., диссер. - Алматы, 1988 - 111 б.